

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Мәңгілік елдің мәртебесі



Ұлытау деп сөйлесек, ұртымыз толатын заман туды. Тәубе!

Ұлытау туралы жазатын осы мақаланы толғатып жүрген кезімде біраз деректерді қайта қарап, бірталай адамдармен пікірлесудің сәті түсті. Солардың бірі – «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық мұражайының директоры Бақтияр Қожахметов елден телефон шалып, сүйінші сұрағандай болды:

– Елбасының Астана қаласы әкімдігін де сөйлеген сөзіндегі жақсы емеурінді аңғара алдыңыз ба? Келер 2015 жылы Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуын атап өтетін секілдіміз. Демек, Керей мен Жәнібек сұлтандардың мемлекет байрағын желбіреткен ордасы – Ұлытаудың мерейі ресми түрде үстем болады деген сөз. Сіз бен біз үшін бұдан асқан мерейтой, бұдан қымбат қуаныш бола ма?

Елбасының өз құлағыма да майдай жаққан жылы сөзін одан әрі жалаулатып тұрған Бақтияр бауырымның жорамалы қанша ішімді жылытып жатқанымен, біраз ойланып қалдым. Өз басым ғасырлар қойнауына кәміл сүңгіген тарихшы болмасам да, көзге шалынған кейбір деректерге сүйеніп, Қазақ мемлекетінің іргетасы 1456 жылы қаланды деген тұжырымға иланып жүрген едім.

– Солай екені рас! – дейді Бақтияр.

– Бірақ, Моңғолстаннан қоныс сұрап барып, бірер қыс мекен еткен сұлтандар ел болып іргесін бекітіп, мемлекет болып шаңырақ көтеруге әлі дайын емес еді ғой. Қалың ел кейін серпіліп, атажұрт – Ұлытау төңірегінде етегін жиып, еңсесін тіктеген соң ғана Қазақ елінің шаңырағын көтеруге жағдай туды. Сондықтан, Елбасының Ұлытауда іргесі қаланған мемлекетті тарих сахнасында жария еткені нағыз әділет, тарихи оқиға!

Өзім де ыңғайға көнуге иіліп келе жатқанымда, Бақтиярдың бұлтартпас болжамдары мүлдем тізе бүктірді. Оның үстіне, осыдан екі күн ғана бұрын пікірлескен тарихшы досым, Ұлытау ауданының бұрынғы әкімі Берік Әбдіғали да дәл осы мазмұндас дәлелдермен алды-артымды орап, Ұлытау – Қазақ мемлекетінің тұңғыш астанасы деген уәжге тоқтам жасатқан. Шынында да, күллі түркі халықтары енші алып тарасқанда, қара шаңыраққа ие болып қалған қазақ ұлысының қасиетті төрі Ұлытау елдің астанасы болмағанда қайтуші еді. Жөн сөзге тоқтамасқа лаж жоқ.

Аяқ жетер жерлердегі мұрағаттарды ерінбей ақтарып, Ұлытау төңірегін тарихына байланысты талай еңбек жазып қалдырған ақын, публицист Қуаныш Ахметов деген досымыз болып еді. Қуаныш Ұлытаудың алғашқы астана болғандығын тереңнен толғап жазып кеткен екен-ау:

«Ұлытау – ежелгі қоныс, ескі жұрт.

Ол бүгінде қазақ деген дүниежүзі не белгілі ұлттың табысқан төбесі, ұйысқан іргесі. Кешегі Керей мен Жәнібектің Әбілқайырдан еншісін бөліп, жүректерінде жауынгерлік жалын әлі де болса өше қоймаған елін ертіп, Ұлытауды бетке алып, жөңкіле көшуінде жүрегінді соғысынан жаңылдырып, сай-сүйегінді сырқыратар терең сыр, күрделі құпия жатыр. Бұл – кейбіреулер айтып та, жазып та жүргендей тек қана ағайын арасындағы алауыздықтан туындаған құбылыс емес. Бұл – тарих тұғырындағы туы жығылған Алтын Орданың түтінін аңсау, бұл – ежелгі жұрттың жұрнағын сағыну, бұл – дүниенің тең жартысын құзырына қаратқан кешегі кемел мемлекеттің киесін қастерлеу, бұл – Кетбұқа, Едіге, Тоқтамыс сияқты арыстандарымыздың айбарына бас ию, әруағына сыйыну, тұлғасына табыну, келбетін көксеу...».

Ұлытаудың Алашқа астана болуының астарында осындай тылсым жатыр екен-ау! Осыны жіті аңғарған Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Кешегі келеңсіз күндерде бабадан қалған сөзден жаңылып, бағзыдан қалған ізден адасып қала жаздаппыз... Қасиетті орыннан қалғаны Ұлытау мен Ордабасы. Бауырында бабалардан қалған із әлі сайрап жатыр. Басында бабалар дауысы әлі саңқылдап естіліп тұр. Енді сөзден жаңылып, ізден адасар еш ретіміз жоқ» деп әр жүрекке жеткізе, сүйектен өткізе айтпап па еді.

Тарихи жылнамаларда Ұлытау төңірегін оқиғаларын тұңғыш тілге тиек еткен кім деп ойлайсыз? Ол – тарихтың атасы Геродот. «Тарих» атты әйгілі еңбегінде массагеттердің ханшасы Тұмар ханымның Азия әміршісі Кир патшаны қалай қанға тойдырғанын егжейтегжеймен суреттеген Ұлы тарихшы қаһарман әйелдің ұлы жорыққа дәл Ұлытау төңірегінен аттанғанын баян етеді. «Ол жақтың алтыны мен мысында есеп жоқ» деп тамсанған Геродоттың «Олардың барлық қару-жарақтары мен дүниемүліктері мыс пен алтыннан жасалған. Найза мен жебе ұштары, айбалталары мыстан соғылған. Бас

киімдері, белдіктері және кіселері алтынмен әшекейленген» деген куәліктерін оқығанда, өзіңнің сол бекзат жауынгерлермен қандас екеніңе қуанбай тұра алмайсың!

Есімі Еуропаны дірілдеткен ғұн патшасы Аттиланың жеңімпаз жорықтарға Ұлытаудан аттанғанын таңбалап кеткен француз тарихшысы А. Тьеридің атасына алғыс айтқың келеді. Одан бергі танымал тарихты қанша таптаурын жасап, тозаңын шығарсақта, Алтын Орданың жырғалған жұрты болған Ұлытаудың даңқын ешкім жоққа шығармайды. Басы бардың бәрі басын шұлғыған, ақылы бардың бәрі мойындаған ақиқат – қазақ этносының қалыптасу тарихына жөргек болған аймақ, жер кіндігі – Ұлытау екендігі. Осы өлкені алқаған алыптардың арасында Еуразия идеясының атасы атанған гуманистғалым П.Н.Савицкийден артық Ұлытауды ұлықтаған ешкім жоқ: «Қазақстанның інжу-маржаны Ұлытау мен Мұғалжар қандай ғажап! Бұлардың бәрі байтақ даладағы қорықтар, жай ғана дамудың орталықтары емес, этностардың өсіп-өну орталықтары, «киелі орын дардың» ең бір күдіреттілері», – депті жарықтық.

Осы күдіретті өлкеге көшесі жоқ астана – Орда базарды орнатып, ұлысын биіктен басқарып отырған Жошыны да кемеңгерлер қатарына қосуға болатын шығар. Одан бергі қазақ хандарының баршасы дерлік неге Ұлытауға арқасын сүйеп, біресе Ертағы мен Кертағы атанған, біресе Көктөбе, Әулиетау атанған киелі тастардың панасынан еліне пәрмен беріп отырды екен? Жошының перзенті Құлағуға аталық болып, қалың қолды басқарып, Араб елін ырқына көндіруге Ұлытаудан аттанып, Палестина жеріндегі АйнЖалуд шайқасында ажал жастығына бас қойған кемеңгер қолбасшы, ұлы күйші, жырау Кетбұқаның ұйысқан ұрпағы дәл бүгін осы таудың сала-саласын жайлаған Бағаналы деген берекелі ел болып отыруында қандай тылсым бар?

Мен осы деректердің, пайымдаулардың бәрін өз жанымнан шығарып отырғаным жоқ. Бәрі хатқа түскен, кітапқа орныққан, шежіреде шертілген сырлар. Қазақ хандығы тарих сахнасына шыққаннан бергі бес жарым ғасырдың қай тұсында болса да Ұлытау өңірі халық тағдырына қатысты үлкендікішілі оқиғалардың бел ортасында тұр. Ең алдымен, ол қазақтың ұлт болып ұюының, халық болып қалыптасуының мес түбіндегі мәйегі, төр басындағы тірегі.

Шыңғыс ханның 38 үрім-бұтағы қазақ тағында отырды. Ұлыстың ұйытқысы болған Жошыдан бастап ең соңғы хан Кенесарыға дейін сол әулеттің тұяғы еді. Кешегі Керей мен Жәнібек те, әз Тәуке де, Хакназар да, Есім мен Қасым да, Абылай да сол тізімнің ішінде. Сол хандардың басым көпшілігі дәл осы Ұлытауда ақ киізді басып тұрып, таққа отырды. Оны айтасыз, бүгінгі Президентіміз Н.Ә.Назарбаев та Ұлытауда бабалардың жолын жалғап, билік орынтағына отырудың жоралғысынан өтті. Ендеше, қазақ баласының осы көне тауды кие тұтып, ел кіндігіне балауының астарында дәстүр сабақтастығы жатыр.

22 тамыз күні Ұлытау төріндегі тарихи сұхбатында Президент Н.Ә.Назарбаев: «Ұлытаудың орны бір басқа. Жаздыкүні осы жерді жайлаған қазақ малын Ұлытаудың етегіне айдап келеді. Батыстан да, Оңтүстіктен де, Солтүстіктен де, Шығыстан да ағылады. Мына таудан бұлақ ағады, төңірегі жайылымға қолайлы. Мыңдаған, миллиондаған мал жатса да, көрінбейтін шүйгін дала болған. Бар қазақ жан-жақтан келген соң, киіз үй тігіледі, ат шаптырып, той жасайды. Осы жерде қыз ұзатады, баласын үйлендіреді. Бір-біріне құда болып тарасады. Мына елдің қызы былай кетеді, ана елдің жігіті мына жақтан қыз алады. Еліміз осылай араласады. Қазақтың кең даласында диалект жоқтығы содан деп ойлаймын», – деп көдедей ұйысқан қалың қазақтың бірегей бірлігінің алтын арқауын қасиетті Ұлытаудан тарқатып еді. Осылайша, туырлығы киіз, керегесі ағаш қазақ баласы астанаға арқасын тіреп, қойын құрттап, айранын ұрттап, мамыра-жай тіршілігін құнттап, еңсесін көтере берді. Ұлытау аймағынан XVII ғасырға дейін өмір сүрген 12 қаланың жұрты табылған екен. Аяққамыр, Басқамыр, Ордабазар, Хан Ордасы, Шотқара, Нөгербек дарасы, Айбас дарасы, Құлман, Милықұдық секілді ежелгі қоныстарда бабаларымыз қалалық мәдениетті мал шаруашылығымен келісті байланыстырып, үлкен сауда арнасын қамтамасыз еткен шалқыған өркениетті туғызды, деп тұжырған профессор Жамбыл Артықбаевтың ауызша, жазбаша, және археологиялық қазба деректеріне

сүйенгені күмәнсіз. Жезқазған төңірегінде тазартылмаған күмістің төрттен бірі өндірілгені, мыс, қорғасын, қалайы, алтын қорытылғаны әбден дәлелденді. Соның бәріне бір ғана «Жезқазған» деген жер атауының өзі-ақ айдан айғақ!

Сүттей ұйып отырған елге сырттан жау тиіп, жоңғар басқыншылары берекемізді қашырған ғасырларда, елді қорғау, жерді қорғау түйсіктері бойын кернеген қазақ баласы тағы да Ұлытау төңірегіне топтасты. 1710 жылғы Қарақұм құрылтайы – соның дәлелі. 1723 жылғы Бұлаңты шайқасында құрсанған дұшпанға ойсырата соққы берген қазақ жасақтары ендігі жерде бірлесе қимылдаса ешкімге есе жібермейтінін әбден ұғынып, жұмылған жұдырыққа айналды. Бұл күндері Қанжығалы қарт Бөгенбайдың ізін баса айбаттанған Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Шақшақ Жәнібек, Қыпшақ Тілеулі сынды ондаған ерлердің есімін ардақтап отырсақ, солардың барлығы Отан соғысы деп атауға әбден болатын Бұлаңты, Аңырақай шайқастарында шыңдалған ел қорғандары. Ел басына күн туған сын сағатта тағы да Ұлытауда бас қосып, бірліктің, тұтастықтың сертіндей таңбаларын тасқа қашаған, сөйтіп, мемлекетіміздің тұңғыш Ата Заңын қалыптастырған бабаларымыздың даналығын дәріптеу шаралары бұл өңірде қазір қажырлы түрде басталып кетті. Ұлытау төріндегі тарихи сұхбаттан кейін бұл істер жаңа бір серпін алғандай. Менің бір тарихшы досым келер жылы Ұлытауда түркі халықтарының дүниежүзілік форумын өткізу жөнінде бастама көтеріп жатыр. Қазақ пен түрік, өзбек пен қырғыз, татар мен ноғай, башқұрт пен саха секілді түбі бір туысқан халықтар осында шұбап келіп, арғы-бергі тарихын жаңғыртып еске алып, дүние келбетіндегі өз орындарын саралап, ерлерін еске алып, ертеңін болжап, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруға бәтуаласып жатса, бұл кешегі Алаш арыстарының да асыл арманының жүзеге асқаны емес пе!

Ең биік шыңының өзі бір жарым мың метрден аспаса да Ұлытау деп аталған, бұл тауды әрі кетсе күн батқанша айналып шығуға болады. Бірақ Ұлытау осы кәрі тастардың көлеңкесі түскен аймақ қана емес. Теріскейіндегі шұрайлы Арғанаты атырабын, батысындағы Қарақұмның құйқалы бұйраттарын, түстігіндегі Бұлаңты, Білеуті өзендерінің бойын, Жетіқоңырдың берекелі құмдарын, екі Кеңгір мен Сарысудың салаларын түгел қоссаңыз ғана Ұлытаудың ұлы сұлбасын көзге елестете аласыз. Байқоңыр мен Қияқтының көмір кеніштері, республика индустриясының тұңғышы атанған Қарсақбай мыс қорыту зауыты, қорғасын өндірісінің ошағы болған Шеңбер, алып комбинатымен атағы шыққан Жезқазған, әлемдегі марганец кенінің ең бай көздерінің бірі – Жезді секілді іргелі мекендер Ұлытау өңірінің сәні мен салтанатын кіргізетін айшықты алқалары. Қолына кішкене геолог балғасын алып, осы ұлан-байтақ өңірді ерінбей аралап, жерасты байлығын іздеген Қаныш Сәтбаев Ұлытаудың жұлдызын жандырды, бағын аспандатты. Қаншама жаңа өндіріс орындары ашылып, өңірге өмір нәрі кірді. Сол ғажайып өзгерістер тәуелсіз Қазақстан тұсында одан әрі тереңдей түсуде. Биыл ғана Елбасының өз қолымен қатарға қосылған Жезқазған – Бейнеу және Арқалық – Шұбаркөл болат жолы осы сөзіміздің дәлелі. Қой-ешкісі мен жылқы сиыры шұбырған, егіні ырғалған өлкеге жаңа тыныс келді. Жаңа жұмыс орындары ашылып, тұрғылықты халықтың тың кәсіптермен шұғылдануына, сөйтіп, нарық көшінің көлікті болуына мүмкіндік туды. Теміржолдың келуі өңірдегі инфрақұрылымның бұдан әрі өрістеуіне жол ашары сөзсіз.

Ұлытау аймағындағы халық арманшыл. Ендігі жерде Шұбаркөлдің теміржолы Жездіге дейін созылса, бұл аймақ тұйықтан шығып, өркениет керуеніне еркін қосылар еді-ау деп армандайды, менің жерлестерім.

Бұйыртса, солай болатын да сыңайлы. Осы мақаланы жазып жатқанымда Президентіміздің жаңа Жолдауы жарқ ете қалды. «Жол – шын мәнінде өмірдің өзегі, бақуатты тірліктің қайнар көзі. Барлық аймақтар теміржолмен, тасжолмен, әуе жолымен өзара тығыз байланысуы керек», деді Жолдауда Елбасымыз. Демек, күні кеше «Құлжанбайға теміржолмен барамын. Рахмет, Елбасы!» деп жазсам, таяу жылдарда Жездіге жылдам жететін болғанымға қуанып, қаламымды қолға қайта алатын күндер де келер. Қазан аузы жоғары!

Қатынас тек теміржолмен жасалмайды ғой. Жезқазған мен Қызылорданың, Ұлытау мен Арқалықтың арасын байланыстыратын сапалы тасжолдың салынуы талай түйінді шешіп, қиынды оңайлатып, алысты жақындатып берер еді. Күндердің күнінде сөзсіз жүйеге асатын бұл жобалар қағаз жүзінде жос парланып, жылдан-жылға жылжи бермей, неғұрлым жедел іске асса, Ұлытау аймағының ажары ашыла түсері анық. Туристік кластер деп жүрген аңсар-арманымыз да сол кезде қиял болудан қалып, нақты іске айналар еді.

Бүгінгі Ұлытау аймағы мәңгілік ас пан астындағы алып мұражай тәрізді. Әулиетаудың ұшар басындағы Едіге би мен Тоқтамыс ханның киелі зираттары, Алаша хан мен Жошы ханның көне кесенелері, Хан ордалары, ескі қалалардың жұрнақ жұрттары, тас таңбалар, сынтастар бұл өңірге қадам басқан әр адамның зердесіне тарих сәулесін себелеп, өткенді ойға оралтып, болашақтың бағдарын елестетеді. Елбасымыздың Ұлытауға қайта-қайта оралып соғып, ойға шомып, қаумалаған халқына сындарлы сөздерімен қайырылуында да ықылым замандардан сақталып келе жатқан дана дәстүрдің нышаны бардай.

Өйткені, Ұлытау – ұлттың ұясы, халықтың бесігі, мәңгілік елдің мәртебесі.

Жүрсін ЕРМАН

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ұлытау ауданының құрметті азаматы